

**Экономикалық мамандықтар бойынша
халықаралық студенттік ғылыми жұмыстар сайысы туралы
ЕРЕЖЕ**

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже Экономикалық мамандықтар бойынша халықаралық студенттік ғылыми жұмыстар сайысын ұйымдастырудың және өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;

1.2 Сайысты өткізу тәртібі Торайғыров университетінің «Экономика» кафедрасы ұйымдастыру комитетімен анықталады және регламенттеледі;

1.3 Сайысты жалпы әдістемелік, ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету Ұйымдастыру комитетінің Жұмыс тобымен жүзеге асырылады.

2 МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Сайыстың мәні ретінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы шығады. Жұмыс тілдері:қазақ, орыс, ағылшын;

2.2 Сайыстың мақсаты студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін белсендіру және қарқындалу, академиялық процестің сапасын және көпвекторлығын жоғарылату болып табылады;

2.3Сайыстың мақсаты келесі міндеттерге қол жеткізуді болжайды:

- Қазақстан Республикасы жоо-ның және достастық елдерінің жоо-ның академиялық және ғылыми қызметін біріктіру, кәсіби-іскерлік қатынастар орнату, оның ішінде студенттік ортада;

- жоо-дың академиялық және ғылыми қызметін кезеңді және қарқынды жетілдіру;

- магистратураға түсуге одан әрі ұсыныс жасаумен дарынды студенттерді анықтау;

- ғылым мен тәжірибенің әлемдік трендтерін ескерумен экономиканың дамуының заманауи трендтері саласында студенттердің білімдерінің деңгейін жоғарылату;

- Қазақстанда және достастық елдерінде бәсекелі және инновациялық нарықтық органы дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде үздіксіз экономикалық білім жөнінде қарқынды оң қоғамдық пікір қалыптастыру.

3 САЙЫСТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1 Сайысқа қатысуға 3-ші және 4-ші курстардың экономика мамандықтары бойынша білім алатын жоғары оқу орындарының студенттері жіберіледі;

3.2 Студенттер ғылыми-зерттеу жұмысын жетекші бейіндік кафедраның аға оқытушысының, доцентінің, профессорының басшылығымен 2 ден 3 адамға дейінгі команда құрамында дайындайды;

3.3 Кандидатураларды жылжыту құқығы жоо-мен өз бетінше анықталады.

4САЙЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Ғылыми сайыс жыл сайын өткізіледі (жылына бір рет);

4.2 Сайыс екі кезеңде сырттай өткізілетін болады:

- бірінші кезең – ғылыми-зерттеу жұмысын әзірлеу, дайындау

- екінші кезең – сайыстық құжаттаманы ұйымдастыру комитетіне ұсыну, сайыстық комиссияның жұмысы (**мерзімдер 2023 ж. 08 ақпанға дейін**).

4.3 Сайыс жеңімпаздарын таңдаудың максималды объективтілігіне қол жеткізу мақсаттарында ұйымдастыру комитетімен экономика ғылымдарының кандидаттары мен докторлары қатарынан жюри құрылады. Жюри балдық-рейтингтік жүйе негізінде

жобаларды бағалау өлшемдерінің жүйесін әзірлейді;

4.4 Сайыс қатысушыларының сайыстық құжаттамалары келесі жағдайларда қабылданбауы мүмкін:

- құжаттарды уақытыл ұсынбау;
- сайыстық құжаттаманың мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптарға сәйкес келмеуі.

5 ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖАСАУ

5.1 Сайыстың нәтижелері бойынша келесі бағыттар бойынша қорытындылар жасалатын болады:

- «1-орын» – бір команда;
- «2- орын» – екі команда;
- «3- орын» – үш команда.

5.2 Ғылым сайыста қосымша ынталандыру номинациялары қарастырылатын болады;

5.3 Командалық есепте жеңімпаз ретінде балдарының сомасы барлық қатысушы командалардың арасында максималды болатын жоо командасы танылады. Республикалық кезеңнің қорытындыларын жасау кезінде жюри сондай-ақ командалық есептегі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды;

5.4 Жеңімпаздар мен номинациялардың иегерлері Торайғыров университетінің ректорының қолы қойылған дипломдармен және грамоталармен марапатталады.

6 САЙЫСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

6.1 Ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттардың тізбесін қамтитын сайыстық құжаттама ұсынылады:

- ректордың (проректордың) қолы қойылған ілеспе хат;
- әрбір қатысушының оқу орнынан анықтамасы;
- талаптарға сәйкес ресімделген команданың ғылыми жұмысы;
- жеке куәліктің/төлқұжаттың көшірмесі.

6.2 Ғылыми жобаның тақырыбы **«Қарқынды өзгеріп отыратын жаһандық геосаяси жағдайындағы ұлттық экономиканың тұрақты дамуы»** бағытына сәйкес келуі тиіс;

6.3 Ғылыми жобаның ресімделуіне қойылатын талаптар:

- жоба компьютерде терілуі тиіс;
- қаріптің көлемі 14 - TimesNewRoman, жол аралық интервал – 1;
- өріс: сол жақ - 3 см, оң жақ - 1 см, жоғарғы және төменгі жақ - 2 см;
- абзацтық шегініс – 1 – 1,25 см;
- тарауларды, тармақшаларды, кестелерді, суреттерді ресімдеу ережелері мемлекеттік нормобақылау талаптарына сәйкес келуі тиіс;
- жұмыстың көлемі 30 парақтан аспауы тиіс (қосымшаларды ескерусіз).

6.4 Ғылыми жұмыста келесі тараулар қамтылуы тиіс:

- титул парағы (жоо-ның атауы, жобаның атауы, жобаның орындаушылары, ғылыми жетекші, қала, жыл);
- мазмұны;
- үш тілдегі аңдатпа (тақырыптың өзектілігі; зерттеу объектісі және мәні; ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттері; жасалған зерттеулердің әдістері; ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері – ғылыми және тәжірибелік жаңалығы);
- кіріспе;
- негізгі тараулар;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиет тізімі;

- қосымша.

6.4 Сайыстық құжаттама мына мекенжайға жолданады:

140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Ломов көш., 64, Торайғыров университеті, «Экономика» кафедрасы, 419-кабинет немесе: E-mail: konkurs_nauka_psu@mail.ru

7. САЙЫСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

7.1 Сайыстық құжаттаманы дайындау бойынша барлық ұйымдық шығындар сайыс қатысушылары тарапынан қаржыландырылады;

7.2 Барлық ұйымдық шығындарды (дипломдарды, грамоталарды дайындау, кеңсе керек-жарақтарына шығындар, басқа шығындар) Торайғыров университеті қаржыландырады.